

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МІНІСТЕРЛІГІ АЛМАТЫ АУДАНЫ

6 01 25-02-2025 25

**Мектеп-гимназиялары,
мектеп-лицейінің директорларына**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылы 6 қаңтардағы № 01-8 санды хаты негізінде

Жамбыл облысы әкімі Е.Ш.Қарашөкеевтің бастамасымен 2025 жыл Жамбыл облысында «**Кітап оқу жылы**» деп белгіленіп отыр.

Осыған орай, «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен «**Ой шебері**» зияткерлік ойынын өткізу жоспарлануда. Мақсаты: кітап оқу арқылы оқушылардың шығармашылық ізденістерін арттыру, интеллектуалды орта қалыптастыру, білімдерін кеңейту. «**Ой шебері**» зияткерлік ойыны аудандағы гимназиялар, мектеп-гимназиялар, лицейлер мен мектеп-лицейлердің 8-10 сынып оқушылары арасында өтеді.

Ойынға командалық құраммен әр мектептен 4 оқушы және жасы 35 жасқа дейінгі жетекші (мұғалім) қатысуы тиіс. Барлығы 5 адам (ойынға қатысушы команда мүшелері үсті ақ жейдеде асты қара түсті формада болу қажет).

«**Ой шебері**» зияткерлік ойыны жалпы 6 кезеңнен тұрады. Әр кезең облысымыздан шыққан ақын, жазушыларымыздың шығармашылығына арналады.


Оқушыларға оқуға міндеттелген шығармалар тізімі:

1. Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романы
2. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романы
3. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабы
4. Күләш Ахметованың өлеңдер жинағы
5. Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабы

«**Ой шебері**» зияткерлік ойынына қатысушы командалар ұсынылған кестеге сәйкес мекеме басшысының қолы мен мөрі басылған өтінімді толтырып abb_abdieva@mail.ru электронды поштасына 2025 жылы 9 қаңтар сағат 12-00- ге дейін кешіктірмей жолдау қажет.

Ескерту: Кестеде берілген команда мүшелерін кейін қайта ауыстыруға мүмкіндік болмайды, ойынға келгенде команда мүшелері туу туралы куәлік немесе жеке басын куәландыратын куәліктері арқылы тексеріліп кіргізіледі. Жеңімпаз командаларға арнайы ақшалай сыйақы, басқа командаларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар қарастырылған. Жеңімпаз командалар арасында «Зияткер мектеп» ауыспалы кубогы берілетін болады.

Қосымша: 1 өтінім үлгісі

| **Басшы**  **М.Сванов**

Орындаған: Г.Абдиева
Тел: 87474736727